


Материкке сапар



Маған таныс материк



Топтық жұмысты бағалау критери

Тақырыпты ашу тереңдігі







Тақырып ашылмаған -0 ұпай

Тақырып ашылған, бірақ негізделмеген-1 ұпай

Тақырып ашылған, жалпы негізделген – 2 ұпай

Тақырып ашылған, нақты негізделген- 3 ұпай

Электронды оқулық




Сабақтың мақсаты:

Табиғат зоналары тақырыбын меңгереді және білімдерін бекітеді, оны картамен жұмыс істеуде пайдаланады Тақырып туралы мәлімет бере отырып, мазмұнын, негізгі идеясын түсінуге жағдай жасау табиғат зоналарын зерттеу арқылы, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту

Міндеттері:

- **Жалпы мақсат**
- Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру
- **Күтілетін нәтиже**
- Табиғат зоналары бойынша тақырыптарды салыстыра отырып толық меңгеріледі, анықтамаларды пайдалана отырып картамен жұмыс істеуде машықтары

Еуразияның табиғат зонасы



	<i>Табиғат зонасы</i>	<i>Табиғат жағдайы</i>	<i>Жануарлары мен өсімдіктері</i>
<i>1</i>	<i>Арктикалық шөл</i>	Жазы өте суық әрі қысқа. Қысы -40°C	Мүк, қына, балдыр, ақ аю, ақ түлкі
<i>2</i>	<i>Тундра мен орманды тундра</i>	Жауын-шашын аз, температура төмен, климаты қатал, күшті жел, қарлы боран жиі болады.	Мүк, қына, бұталар, бұғы, бұлан, қоңыр аю, кеген, құр.
<i>3</i>	<i>Тайга</i>	Жазы біршама жылы әрі ұзақ. тек қана қылқан жапырақты ағаштар өседі, топырағы күлгін батпақты.	Ағаш текті өсімдіктер, қылқанжапырақтылар, қарағай, шырша, май қарағай, самырсын, балқарағай, зубр, бұлан, марал, елік, қоңыр аю, қабан.
<i>4</i>	<i>Аралас және жалпақ жапырақты ормандар</i>	Тайга мен жалпақ жапырақты ормандары арасында жатыр.	Қылқанды, ұзақ және жалпақ жапырпақты орман, емен және амур барқыт ағашы, лианалар, корей самырсыны. Зубр, аю, кедр.

	<i>Табиғат зонасы</i>	<i>Табиғат жағдайы</i>	<i>Жануарлары мен өсімдіктері</i>
5	<i>Орманды дала және дала</i>	Шығыс Еуропа мен Батыс Сібір жазығының оңтүстігінде Алтайға дейін	Жалпақ жапырақты ағаштар, емен, үйеңкі, қайың, көктерек, селеу. Қасқыр, қарсақ, түлкі, тышқандар.
6	<i>Шөлейт және шөл, шөлейтті</i>	Каспий маңы ойпатынан басталады. Қыста мин.-40 °С, жазда мак.+50°С.	Жусан, селеу, бетеге, бұйырған сексеуіл, қызғалдақ, қаңбақ. Жабайы түйе, құлан, ақбөкен.
7	<i>Қатты жапырақты мәңгі жасыл ормандар</i>	Жазы ыстық, құғақ, қысы жылы, жаңбырлы.	Емен, тығын емені, қарағай, лавр, грек жаңғағы, зәйтүн.
8	<i>Субтропикті дала</i>	Жазы өте ыстық	Цитрус, анар, жүзім, жер жаңғағы.
9	<i>Субтропикті ылғалды, муссондық ормандар.</i>	Жазы ылғалды, қысы біршама құрғақ.	Магнолия, камелия, камфора, лавр, бамбук, емен, шамшат, шегіршін. Жолбарыс, қабылан, Гималай аюы, бамбук аюы-панда, маккака, гиббон, тоты құстар, үйректер.

	<i>Табиғат зонасы</i>	<i>Табиғат жағдайы</i>	<i>Жануарлары мен өсімдіктері</i>
<i>10</i>	<i>Тропиктік шөлдер</i>	Ең ыстық, ең құрғақ климат.	Құрма пальмасы, бөкендер, онагр, таргыл қорқау қасқыр, шиебөрілер.
<i>11</i>	<i>Саванналар, сирек ормандар</i>	Жауын-шашынның түсуі мен мөлшерінің мезгілдері бойынша белдеу ішінде әркелкі болады.	Пальмира пальмасы, сандал ағашы, тик, майлы ағаш.
<i>12</i>	<i>Субэкваторлық ауыспалы ылғалды ормандар</i>	Аса құрғақ емес, жаңбырлар саваннадан көбірек жауады	Жабайы, пілдер, маймылдар.
<i>13</i>	<i>Экваторлық белдеудегі ылғалды ормандар</i>	Жауын-шашын мол, температура тұрақты жоғары.	Ротанг пальмасы, лианалар, орхидеялар. Мүйізтұмсықтар, бұқалар, макакалар, ит басты маймылдар, ірі орангутандар, жолбарыс, қабылан, тауыс.
<i>14</i>	<i>Биіктік белдеулер</i>	Биіктеген сайын ылғалдың артуына қарамастан, ауа температурасы төмендейді	Қодас, қар барысы, ұлар, аюлар, арқарлар, буволдар, жабайы пілдер, қабылан, жолбарыс.

Арктикалық шөл зонасы

Жазы өте суық және қысқа. Қыста температура - 40 төмен болады. Қарлы борандар мен тұмандар жиі болып тұрады. Аралдарды түгелдей дерлік мұз басып жатыр. Мұздан бос жерлерде мүк, қына, балдырлар өседі, топырақ қалыптасып жетілмеген. Жануарлардан ақ аю мен ақ түлкі кездеседі.



Тундра мен орманды тундра

Тундра дегеніміз – толық жетілмеген батпақты топырақтағы мүкті, қыналы және бұталы өсімдіктерден тұратын, климаты қатал белдеу. Тундрада ең көп тараған өсімдік – бұғы мүгі.

Орманды тундра зонасында бұлан, қоян, саңырау құрды кездестіруге болады. Исландияда мұз басу дәуіренен бері сақталған қойөгіз тіршілік етеді.



Тайга зонасы

Тайга - тек қылқан жапырақты ағаштар өсетін зона. Мұнда жануарлардан зубр, бұлан, марал, қабан тіршілік етеді. Қиыр Шығыста қорғауға алынған жыртқыш – Уссурій жолбарысы сақталған. Өсімдіктерден самырсын, қарағайдың түрлері өседі.



Аралас және жалпақ

жапырақты ормандар зонасы

Бұл зонада емен, үйеңкі, жөке ағаштары өседі. Ағаш сүрегі әртүрлі шаруашылық қажеттеріне пайдаланылады. Әсіресе бұл зонада өсетін шамшат пен еменнен жасалған жиһаздар айрықша бағаланады. Польша мен Белоруссия елдерінде орналасқан әйгілі Беловеж нуы қорығында зубр қорғауға алынған. Мұнда шабақтардан тірі туатын голомянка балығы қорғауға алынған.



Шөлейт және шөл зоналары

Шөл зонасында құрғақшылыққа төзімді өсімдік ксерофиттер кең таралған. Сондай өсімдіктердің бірі сексеуіл. Бұл зоналарда ірі тұяқты жануарлардан жабайы түйе, ақбөкен, қарақұйрық тіршілік етеді. Сонымен бірге қарақұрт, сары шаяндар, бүйі сияқты улы жәндіктер де кең таралған.



Ауыспалы ылғалды ормандар.

Негізгі өсімдіктері цитрус, лавр, бамбук ағаштары өседі. Жануарлардан жолбарыс пен қабылан сияқты жыртқыштар, тауларда Гималай аюы, бамбук аюы – панда, маймылдардан макака мен гиббон сақталған.



Тропиктік шөлдер

Мұнда құрғақ өзен арналары – уэдтер жиі кездеседі. Ал жер асты сулары жақын жатқан жерлерде құрма пальмасы өседі.



Саванналар

Мұнда пальмира пальмасы, хош иісті сандал ағашы, тик және майлы ағаштар өседі. Тик ағашының суда шірімейтін, өте қатты сүрегі кеме мен вагон жасауда пайдаланылады.

Құстардан әдемі қауырсынды тауыс кездеседі. Қазіргі кездерде ормандар азаюда. Кесілген ормандардың орнына жергілікті тұрғындар күріш пен шай бұтасын өсірумен айналысады.







Сабақты беріңіз



«Метро ойыны»

«Кім есте сақтайды?»

- 1. Қоңыржай белдеудегі ең ірі табиғат зонасы –**
А) тундра; В) тайга; С) шөл; Д) орманды тундра;
- 2. Тайга мен жалпақ жапырақты ормандар аралығында орналасқан -**
А) шөлейт; В) арктикалық шөл; С) аралас орман; Д) шұраттар;
- 3. Қоңыржай белдеуінің табиғат зоналары –**
А) арктикалық шөлдер; В) қатты жапырақты мәңгі жасыл ормандар;
С) саванналар; Д) орманды дала және дала;
- 4. Жер асты сулары жақын жатқан шұраттарда не өседі?**
А) панда; В) грек жаңғағы; С) құрма пальмасы; Д) лавр ағашы;
- 5. Экваторлық белдеудің ылғалды ормандарында кездесетін әдемі құсты ата?**
А) попугай; В) тауыс; С) тауық; Д) түйеқұс;
- 6. Еуразияның оңтүстігіндегі аралдарына қандай белдеу тән?**
А) қоңыржай; В) тропиктік; С) субтропиктік; Д) экваторлық белдеудің ылғалды ормандары;
- 7. Шөл зонасының ортасында орналасқан атақты шөл –**
А) Такла-Макан; В) Сахара; С) Сарыарқа; Д) Қызылқұм;
- 8. Бамбук аюы –**
А) Гималай аюы; В) Гризли; С) қоңыр аю; Д) панда;
- 9. Орманды даланың негізгі жануары –**
А) кірпі; В) жираф; С) піл; Д) қасқыр;
- 10. Шөлдердегі температура –**
А) 30°C- 40°C; В) 40°-қа дейін; С) 50°-қа дейін; Д) 40°-тан жоғары;


Ойын. «Мензона»

Сөйлемді аяқта.

1. Мен арктикалық зона.....

2. Мен тропиктік зона.....

3. Мен экваторлық зона.....



Денотаттық графикалық сызба

Егер

```
graph TD; A[Егер] --> B[Сіз табиғат қорғау Министрі болсаңыз.....]; A --> C[Сіз ақын болсаңыз, онда.....]; B --> D[Сіз эколог болсаңыз, онда.....]; C --> E[Сіз суретші болсаңыз, онда.....]; D --> F[Табиғатқа тіл бітсе, онда.....]; E --> F;
```

**Сіз табиғат қорғау
Министрі болсаңыз.....**

**Сіз ақын болсаңыз,
онда.....**

**Сіз эколог болсаңыз,
онда.....**

**Сіз суретші
болсаңыз, онда.....**

Табиғатқа тіл бітсе, онда.....

The background is a vibrant gradient from yellow at the top to orange at the bottom. It is decorated with several stylized fireworks in red, orange, and cyan colors, scattered across the top and bottom edges. The main text is centered and rendered in a large, bold, sans-serif font with a white outline and a multi-colored fill. The colors of the letters are: 'С' (purple), 'у' (pink), 'р' (red), 'є' (orange), 'т' (yellow), 'т' (yellow), 'і' (yellow), 'д' (green), 'и' (green), 'к' (green), 'т' (blue), 'а' (blue), 'н' (blue), 'т' (purple).

Суретті диктант

Әр топтың мүшесі суреттегі жануарлар мен өсімдіктерді атайды.


2



1



4



6



3



2



1




5



4



6



7




3



«Ол кім? Бұл не?»

- Оймякон
- Өлі теңіз
- Гималай
- Хуанхэ
- Амазония
- Гренландия
- Диснейленд
- Голливуд





“Бағалау”

Үйге тапсырма

Сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беру.



§21-22 оқу. Кескін картаға табиғат зоналарын түсіру. Қосымша материалдар, суреттер қорын жинап әкелу.

Сау болыңыздар!

